




Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Тауашалық нарықтарға шолу

Эксперименттік статистика
№2024-01 Жұмыс мақаласы

Астана 2024



Эксперименттік статистика туралы

Эксперименттік статистика – бұл **тестілеу сатысында** тұрған және **ресми статистикаға кірмейтін** көрсеткіштер мен құралдар. Көрсеткіштер мен құралдар инновациялық әдістерге және/немесе жаңа деректер көздеріне негізделген. Кері байланыс жинауды ескере отырып, түпкілікті әдіснаманы қалыптастыру процесінде тәсілдер мен нәтижелер өзгеруі мүмкін.

Жетілу дәрежесі де, нәтижелердің сапасы да ресми статистикадан ерекшеленеді, әсіресе үйлестіру, қамту және әдістемеге қатысты. Дегенмен, бұл нәтижелер кейінірек ресми статистикаға айналуы мүмкін әртүрлі статистикалық тақырыптарды қарастырудың жаңа және қызықты жолдарын ұсынады.

Осылайша, эксперименттік статистика **жаңа тәсілдерді сынауға** және пайдаланушылардан кері байланыс жинауға **арналған** және сәйкесінше оны ресми статистикалық ақпарат ретінде **пайдалану мүмкін емес**.

Эксперименттік статистика шеңберінде «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының «Ұсынылатын деректердің құпиялылық және қорғалу кепілдіктерін қамтамасыз ету» 8-бабының 1-7-тармақтарына сәйкес **пайдаланылатын алғашқы статистикалық деректердің құпиялылығы** сақталады.

1. Түйінді тұстар

- Сыртқы сауда деректері, өндіріс балансы және өнеркәсіп қорлары негізінде тауашалық тауарларды іріктеу бойынша ыңғайлы құрал жасау мақсатында **интерактивті дашборд әзірленді**.

- Дашбордтың функционалы сыртқы және өзара сауда, өнеркәсіптік өндіріс, ресурстар балансы және өңірлер, кезеңдер және нақты тауар позициялары бойынша пайдалану негізінде тауарлық тауашаларды іздеуге мүмкіндік береді.

- Жалпы сомасы **139,9 млрд. АҚШ долларын** құрайтын **10,1 мың** бірегей **импорттық** (114,6 мың импорттаушы) және **6,5 мың** бірегей **экспорттық** тауарлар (10,8 мың экспорттаушы) бойынша 2023 жылғы 12 айдағы кедендік декларациялар мен алғашқы статистикалық деректер талданған.

- Импорттық және экспорттық операцияларды салыстыру қорытындысы бойынша экспорттаушылар мен отандық тауар өндірушілер үшін әлеуетті тауашалар анықталды, тауашалық тауарларды іріктеу үшін әлеуетті сома **53,6 млрд. долларды** құрады.

- Барлығы **336** тауардың Ресурстық балансы негізінде ішкі нарықта өндіруге және сатуға қатысты **импорттың сыни деңгейі бар 80-ге жуық тауар** (2023 ж.) анықталды.

- СЭҚТН 10-белгілеріндегі тауар кодтарының ерекшелігі әрдайым тауардың техникалық сипаттамасын, оның маркасын немесе физикалық параметрлерін дәлдікпен анықтауға мүмкіндік бермейді.

- Дашборд **эксперименттік статистиканың** нәтижесі болып табылады және жаңа әдістерді тестілеуге және пайдаланушылардан кері байланыс алуға арналған, сондықтан оны статистикалық ақпараттың ресми көзі ретінде қарастыруға болмайды.

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро) мемлекеттік статистиканы және ұлттық деректер экожүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған жол картасын орындау шеңберінде **деректерге қолжетімділікті кеңейту** және **пайдаланушылар үшін талдамалық құралдарды** енгізу бойынша жұмыстарды жүргізеді.

Осы бағыт шеңберінде **статистикалық деректердің талдамалық әлеуетін ашуға арналған «Тауашалық нарықтарға шолу» интерактивті дашборд** әзірленді.

Дашборд **8 функционалды бөлімнен** тұрады:

1-кесте – «Тауашалық нарықтарға шолу» дашборды бөлімдерінің құрылымы

Реттік нөмірі	Бөлімдердің атауы
1	Интерактивті құралды қалыптастыру әдістемесі
2	Қазақстан Республикасының сыртқы саудасына шолу
3	Қазақстан Республикасының экспорты
4	Қазақстан Республикасының импорты
5	Қазақстан Республикасының өнеркәсібі
6	Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы
7	Ресурстар балансы
8	Әлеуетті тауашалық нарықтар

Интерактивті құралды қалыптастыру әдістемесі бөлімі есептеу әдістемесін, деректер көздерін, сондай-ақ 2012 жылдан бастап статистикалық және әкімшілік есептіліктің тиісті нысандарын тапсыратын респонденттерді (*заңды және жеке тұлғалар*) қамтуды сипаттайды.

«Қазақстан Республикасының сыртқы саудасына шолу» бөлімі АҚШ долларындағы шикізаттық емес үлесті ескере отырып, өңірлер, сыртқы сауданың динамикасы, тауарлардың импорты мен экспортының көлемі бөлінісінде тауар айналымы бойынша ақпарат алуға мүмкіндік береді..

«Қазақстан Республикасының экспорты» және «Қазақстан Республикасының импорты» бөлімдері өңірлер бөлінісінде тауарлардың экспорты мен импорты бойынша ақпаратты ұсынады, пайдаланушылардың назарын әріптес елдер бойынша құндық көлемі бойынша ТОП-10 тауарға аударады.

Өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы тауарларын өндіру жөніндегі ақпарат **«Қазақстан Республикасының өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы» бөлімдерінде** берілген. Интерактивті дашборд өндірілетін тауарлардың өңірлері мен атаулары бойынша заңды тұлғалар мен ірі өндірушілер бойынша өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өнімдерінің көлемін талдауға мүмкіндік береді.

«Ресурстар балансы» бөлімі кезең ішінде өткізу, өндіру, экспорт, импорт көлемі бойынша қамтамасыз етуді талдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бөлім ішкі нарықта өндіруге және сатуға қатысты өнімді импорттау тұрғысынан маңызды тауарларды қамтиды.

«Әлеуетті тауашалық нарықтар» бөлімі өңірлер және нақты атаулар бөлінісінде жөнелтілген экспорттық тауарлардың құнынан қымбат немесе оған тең әкелінетін импорттық тауарларды салыстыруға мүмкіндік береді.

Интерактивті дашбордтың статистикалық деректерінің пайдаланылған көздері туралы толығырақ **«Интерактивті құралды қалыптастыру әдістемесі» бөлімінде танысуға болады».**

3. Әдіснама

Әзірленген дашборд **87 көрсеткіштен** және **8 бөлім** бойынша **кесінділерден** (фильтрлерден) тұрады. Бөлімдер бойынша көрсеткіштердің құрылымымен толығырақ **Қосымшада** танысуға болады.

Импорт және экспорт тауарлары бойынша деректер статистикалық нысандарының дерекқорында «1-ТС»¹ және «Тауарлар декларациясы»² 2012 жылдан бастап 2023 жылғы 12 ай бойынша ұсынылған, онда өзара және сыртқы сауда бойынша деректер ескеріледі. Өзара сауда ЕАЭО-ға мүше мемлекеттермен сауданы қамтиды, өз кезегінде сыртқы сауда әлемнің үшінші елдерімен сауданы қамтиды. Импорт және экспорт жөніндегі деректер СЭҚ ТН-ның 10-белгілерінің (бұдан әрі – тауар позициясы) кіші субпозициялары деңгейінде талданған. **АҚШ доллары** (бұдан әрі – долл.) экспорт пен импорттың құнын білдіру үшін **қолданылады**.

Өнеркәсіптік өндіріс «1-П, жылдық»³ статистикалық нысанының дерекқорында Өнеркәсіптік өндіріс анықтамалығының (бұдан әрі – ӨӨСЖ) 9 белгісі деңгейінде ұсынылған және жұмыскерлер санына қарамастан заңды тұлғалардың және олардың оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің өнеркәсіптік тауарлары өндірісінің көлемін ескереді. Бұл ретте, деректер «1-ИП Пром» статистикалық нысанын тапсыратын дара кәсіпкерлердің және статистикалық нысанды **екі жылда бір рет** тапсыратын өнеркәсіптік қызметтер көрсететін кәсіпорындардың көлемін есепке алмайды.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіру «1-СХ, жылдық»⁴ статистикалық нысаны бойынша ауыл шаруашылығы құрылымдарының қызметі туралы есептер базасында ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдері (көрсетілетін қызметтері) анықтамалығының (бұдан әрі – АШӨСЖ) 6 белгісі деңгейінде ұсынылған және Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 01.1, 01.2, 01.3, 01.4, 01.5 кодтары бойынша экономикалық қызметтің негізгі немесе қосалқы түрлері бар барлық

1 ҚР СЖЖРА ҰСБ, 2023 - «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен өзара тауарлар саудасы туралы есеп» <https://stat.gov.kz/respondents/statistical-forms/> бойынша қолжетімді.

2 Кеден одағының комиссиясы, 2010 - «О форме декларации на товары и порядке ее заполнения». <https://adilet.zan.kz/rus/docs/H10T0000257> бойынша қолжетімді.

3 ҚР СЖЖРА ҰСБ, 2023 - «Кәсіпорынның өнім (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) өндіру және жөнелту туралы есебі». <https://stat.gov.kz/respondents/statistical-forms/> бойынша қолжетімді.

4 ҚР СЖЖРА ҰСБ, 2023 - «Ауыл шаруашылығы құралымының қызметі туралы есеп». <https://stat.gov.kz/respondents/statistical-forms/> бойынша қолжетімді.

заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері; 01.1, 01.2, 01.3, 01.4, 01 ЭҚЖЖ кодтары бойынша экономикалық қызметтің негізгі немесе қосалқы түрлері бар шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса іріктемеге түскен дара кәсіпкерлер бойынша ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін ескереді. Бұл ретте, деректер іріктемеге түспеген шағын кәсіпорындардың, шаруа және фермер қожалықтарының көлемін есепке алмайды.

Осыған байланысты, дашбордтың жоғарыда аталған бөлімдері бойынша деректер Бюроның ресми деректерінен өзгеше болуы мүмкін.

Көрсетілген көздерден басқа, интерактивті құрал **Ресурстар балансының деректерін**⁵ пайдаланады. Ресурстардың балансына өндіріс/өндіру көлемі, экспорт/импорт, белгілі бір өнім/тауар түрін ел ішінде сату көлемі кіреді.

Өндіріс, импорт және экспорт деректерінен басқа, Ресурстар балансы **ішкі нарықта тауарларды сату деректерін** де пайдаланады, бұл ел ішіндегі өнімді тұтыну көлемін анықтауға мүмкіндік береді. Көрсетілген көрсеткіштерді пайдалана отырып, өндірістің ішкі нарықта сатуға қатынасы болып табылатын тауарлармен қамтамасыз ету қалыптасады.

Сонымен қатар, **импорттың сыни деңгейі бар тауарлар** келесідей анықталады: өндіріс ішкі нарықта сатудың 10%-дан азын, ал импорт ішкі нарықта сатудың 80%-дан астамын құрайды. Импорттың сыни деңгейі сараптамалық түрде таңдалады және сыртқы нарықтағы жағдайға немесе нақты тапсырмаларды орындауға байланысты түзетілуі мүмкін.

Әлеуетті тауашалық нарықтар бөлімінде тауарларды талдау үш көрсеткіш арқылы жүзеге асырылды: экспорттың/импорттың жалпы құндық көлемі (с), экспорттың/импорттың сандық көлемі (q), сондай-ақ тауардың бірлігі үшін баға (p), мұнда тауардың бағасы мынадай формула бойынша айқындалады:

Тауардың бағасы (p): $p = c/q$,

мұнда:

(с) - экспорт немесе импорт құны,

5 ҚР СЖЖРА ҰСБ, 2022 – «Қазақстан Республикасында өнімнің (тауарлардың) және шикізаттың жекелеген түрлерінің ресурстары және пайдалануы». <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/foreign-market/spreadsheets/?year=&name=19065&period=&type=> бойынша қолжетімді.

(q) - экспорт немесе импорт көлемі.

Интерактивті дашборд әкелінетін импорттық тауарларды өңірлердің және нақты атаулардың бөлінісінде жөнелтілген экспорттық тауарлардың құнынан қымбат немесе оған тең болатын иесіздендірілген кедендік транзакциялар негізінде салыстыруға мүмкіндік береді.

Тауашалық тауарларды таңдау «себет» логикасы бойынша салынған, мұнда:

- **импортталған тауар позициялары сол жақ себетте** көрсетіледі,
- **экспорттық тауар позициялары оң жақ себетте** көрсетіледі.
- **орталық себет** импорттаушылар үшін де, экспорттаушылар үшін де **ықтимал тартымды** тауар позицияларын жинайды.

Әр жол кедендік иесіздендірілген транзакцияны білдіреді, онда атаулар қайталануы мүмкін, өйткені олар экспорттық немесе импорттық тауарларды жөнелтудің әртүрлі кезеңдерін көрсетеді.

Тауар позициялары пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін түспен белгіленген.

Түсті белгілеу дегеніміз:

Қызыл түс – импорттық тауарды алмастыру мүмкін емес, өйткені оның құны экспорттаушылар сататын ұқсас тауардың құнынан төмен.

Жасыл түс – импорттық тауарды алмастыруға болады, өйткені оның құны экспорттаушылар сататын ұқсас тауардың құнынан жоғары немесе оған тең.

1-сурет. «Әлеуетті тауашалық нарықтар» бөлімінің визуалды құрылымы

Әлеуетті тауашалық нарықтар					Жыл	Өңір	СЭҚТН	Тауар атауы
					2023	Барлығы	Барлығы	Барлығы
Экспорттық тауарлардың құнынан қымбат немесе оған тең импорттық тауарлар талданады					Импорттаушылар саны	Экспорттаушылар саны	Тауарлардың әлеуетті саны	сомасы
					114 558	10 806	6 511	53,6 млрд
Импорт				Тауашалық тауарлар				Экспорт
Тауардың атауы	Тауар бірлігінің бағасы, \$	Жалпы көлемі, \$	Ел	Тауардың атауы	Тауар бірлігінің бағасы, \$	Жалпы көлемі, \$	Өңір	Ел
1-Нафтиламин (альфа-нафтиламин), 2-нафтиламин (бета-нафтиламин) и их производные; соли этих соединений	9,8	134,9	Ресей	1-Нафтиламин (альфа-нафтиламин), 2-нафтиламин (бета-нафтиламин) и их производные; соли этих соединений	45,19	72,5	Алматы к.	Ресей
1-Нафтиламин (альфа-нафтиламин), 2-нафтиламин (бета-нафтиламин) и их производные; соли этих соединений	11,8	295,0	Ресей	1-Нафтиламин (альфа-нафтиламин), 2-нафтиламин (бета-нафтиламин) и их производные; соли этих соединений	127,35	90,1	Алматы к.	Ресей
1-Нафтиламин (альфа-нафтиламин), 2-нафтиламин (бета-нафтиламин) и их производные; соли этих соединений	17,9	89,3	Ресей	1-Нафтиламин (альфа-нафтиламин), 2-нафтиламин (бета-нафтиламин) и их производные; соли этих соединений	1 170,00	45,7	Астана к.	Ресей
1-Нафтиламин (альфа-нафтиламин), 2-нафтиламин (бета-нафтиламин) и их производные; соли этих соединений	89,0	13,4	Ресей	1-Нафтиламин (альфа-нафтиламин), 2-нафтиламин (бета-нафтиламин) и их производные; соли этих соединений	127,4	127,4	Алматы к.	Ресей
1-Нафтиламин (альфа-нафтиламин), 2-нафтиламин (бета-нафтиламин) и их производные; соли этих соединений	77,2	15,4	Ресей	1-Хлор-2,3-Эпоксипропан (эпихлоргидрин)	42,7	47,0	Астана к.	Ресей
1-Нафтиламин (альфа-нафтиламин), 2-нафтиламин (бета-нафтиламин) и их производные; соли этих соединений	78,0	39,0	Ресей	1-Циклопентандин (дизциандимид)	22,9	45 753,0	Астана к.	Ресей
				2-Метилпропан-2-Ол (трет-бутиловый спирт)	10,09	43,5	Астана к.	Ресей

Дереккөз: «Тауашалық нарықтарға шолу» интерактивті дашборды

Осылайша, осы өнімді экспорттаушылардың бағасы бар импорттық тауарлардың атаулары орталық себетке түседі.

Осы әдістемеге сүйене отырып, импорттаушылар үшін де, отандық өндірушілер үшін де құны жағынан тартымды болуы мүмкін 2012 жылдан 2023 жылға дейінгі (12 айдағы жедел деректер) декларацияланған тауар позициялары талданды.

Нәтижелермен [интерактивті дашбордта](#) толығырақ танысуға болады.

4. Нәтижелер


Жалпы сомасы **139,9 млрд. долл.** құрайтын **10,1 мың** бірегей **импорттық** (114,6 мың импорттаушы) және **6,5 мың** бірегей **экспорттық тауарлар** (10,8 мың экспорттаушы) бойынша 2023 жылғы 12 айдағы кедендік декларациялар мен алғашқы статистикалық деректер талданған. Импорттық және экспорттық операцияларды салыстыру қорытындысы бойынша экспорттаушылар мен отандық тауар өндірушілер үшін әлеуетті тауашалар анықталды, тауашалық тауарларды іріктеу үшін әлеуетті сома **53,6 млрд. долларды** құрады.

Әрі қарай, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары - құс еті мысалында дашбордтың мүмкіндіктеріне талдау жасалды.

2023 жылдың 12 айында «Құс еті» тауар тобынан «0207119009» СЭҚТН коды (*Үй тауықтарының еті және тағамдық қосалқы өнімдері*) бойынша экспорт көлемі **17,7 млн. долл.** құрады, экспорттың едәуір үлесі Шығыс Қазақстан облысына және аз көлемде Алматы облысына тиесілі болды. Экспорттың негізгі бағыттары: Ресей (*16,8 млн.*) және Қырғызстан (*0,9 млн.*).

Осы тауар бойынша экспорт көлемін динамикада қарастыра отырып, 2012 жылдан 2023 жылға дейінгі экспорт көлемінің белгілі бір құбылмалылығын атап өткен жөн (2-суретті қараңыз).

2-сурет. 2012-2023 жылдардағы «Үй тауықтарының еті және тағамдық қосалқы өнімдері» (СЭҚТН 0207119009) тауар позициясы бойынша экспорттың өзгеру динамикасы, мың долл.




Дереккөз: ҚР СЖЖРА ҰСБ және Қаржы министрлігі деректері бойынша есептелген

2023 жылдың 12 айында ұқсас тауар бойынша импорт **2,4 млн. долл.** құрады. Негізгі импорттаушы өңір Батыс Қазақстан облысы 2,3 млн.долл. Ресей жалпы сомасы 2,3 млн. долл. құрайтын негізгі жеткізуші болып табылады.

2012 жылдан 2023 жылға дейінгі динамикада осы тауар бойынша импорт көлемі де айтарлықтай өсуді көрсетеді, алайда экспорт көлемі импорттан асып түседі, сондықтан 2023 жылдың қорытындысы бойынша экспорт ақшалай мәнде импорт көлемінен 7 есе асып түсті (3-суретті қараңыз).

3-сурет. 2012-2023 жылдардағы «Үй тауықтарының еті және тағамдық қосалқы өнімдері» (СЭҚТН 0207119009) тауар позициясы бойынша импорттың өзгеру динамикасы, мың долл.




Дереккөз: ҚР СЖЖРА ҰСБ және Қаржы министрлігі деректері бойынша есептелген

«Құс еті» тауар тобынан «101210131» (Үй тауықтарының еті мен тағамдық қосалқы өнімдері) тауары бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі **48 728 тоннаны** (2022 ж.) құрады, негізгі өндіруші өңірлер Ақмола (17 373 тонна), Шығыс Қазақстан (13 562 тонна) және Алматы облыстары (9 121 тонна) болып табылады.

Жалпы, бұл әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары өсімнің тұрақты динамикасын көрсетеді, 2022 жылы өндіріс көлемі 2012 жылмен салыстырғанда **25%-ға өсті** (4-суретті қараңыз).

4-сурет. 2012 жылдан 2022 жылға дейін заттай мәнде «Тауықтар (балапандар), жас немесе тоңазытылған еті» (ӨӨСЖ 101210131) өнеркәсіптік өндіріс көлемінің динамикасы, тонна




Дереккөз: ҚР СЖЖРА ҰСБ дерекқорында есептелген

Ауыл шаруашылығында осы тауарды өндіру көлемі «014711» (тауықтар, тірі) АШӨСЖ сәйкес келеді.

Осы тауарды өндіру көлемі **341,3 мың тоннаны** (2022 ж.) құрады, негізгі өңірлер өндірушілер мынадай облыстар болып табылады: Алматы (107,4 мың тонна), Ақмола (102,5 мың тонна), Шығыс Қазақстан (50,6 мың тонна).

2016-2017 жылдарды қоспағанда, ауыл шаруашылығындағы өндіріс көлемі тұрақты өсу серпіні байқалады, мұнда 2022 жылы өндіріс көлемі 2012 жылмен салыстырғанда **2 есе өсті** (5-сурет).

5-сурет. 2012-2022 жылдар аралығында «Тірі тауықтар» (АШӨСЖ 014711) ауыл шаруашылығы өндірісінің динамикасы заттай мәнде, тонна



Дереккөз: ҚР СЖЖРА ҰСБ дерекқорында есептелген

Жалпы, ресурстар балансында ұсынылған **336 тауардың 80-нен астамы** (2023 ж.) ішкі нарықта өндіруге және өткізуге қатысты **импорттың сыни деңгейі бар тауарлар** болып табылады. Импорттың сыни деңгейі бар тауарлар кестеде қызыл түспен көрсетілген (5-сурет). Дашборд азық-түлік тауарларын ғана емес, сонымен қатар азық-түлік емес тауарларды талдауға және оларды өндіру, импорттау және ішкі нарықта сату көлемін түсінуге мүмкіндік береді.

Ресурстар балансын қарастыра отырып (2023ж. 12 ай), осы тауардың өндіріс көлемін ұлғайтуда резервтің болуын атап өткен жөн (2-кесте). Мәселен, ішкі нарықта **449,5 мың тонна** құс етінің өнімі сатылды, оның ішінде ресурстар балансында өндіріс **328,6 мың тоннаны** құрады (2022 жылға қарай +14%), импорт **152,5 мың тоннаны** құрады (2022 жылға қарай -3%), экспорт ұлғайып, **31,5 мың тонна** өнімін құрады (2022 жылға қарай +114%). Осылайша, құс етімен қамтамасыз ету деңгейі **73,1%** құрады (2022 жылға қарай +6,1%).


2-кесте – Ресурстар балансы және 2023 жылы пайдалану, тонна

Көрсеткіш	Мәні	Өсу/құлдырау 2022 жылға қарай, %
Құс еті		
Ресурстар	481 031	8%
Өндіріс	328 567	14%
Импорт	152 464	-3%
Пайдалану	481 031	8%
Ішкі нарықта сату	449 540	4%
Экспорт	31 491	114%

Дереккөз: ҚР СЖЖРА ҰСБ деректері

Мысалы, «бір шөмішті механикалық экскаваторлары...» тек **бір дана** (бірлік) көлемінде өндірілді, бұл ретте импорт **919 дананы** құрады, осылайша отандық өндіріс ішкі нарықтың қажеттілігін қамтамасыз етпейді. Осы тауармен қамтамасыз ету **0,14%** құрады.

5-сурет. Импорттың шекті деңгейі бар тауарлар



Дереккөз: ҚР СЖЖРА ҰСБ және Қаржы министрлігі деректері бойынша есептелген

Сондай-ақ, «Әлеуетті тауашалық нарықтар» бөлімі негізінде экспорттық және импорттық бағаларға салыстырмалы талдау жүргізілді.

Осы тауардың «0207119009» СЭҚТН 10-белгілері деңгейіндегі тауарлық позициясы қаралды. Тауар Ресей Федерациясынан **бірлік үшін 0,26 доллардан бастап 20,46 долларға дейін** баға диапазонында импортталды. Осы тауар позициясы импортының

жалпы сомасы **2,45 млн. долларды** құрады. Импортты **12 импорттаушы** жүзеге асырды.

Сонымен қатар, отандық кәсіпорындар Қырғызстанға, Ресей Федерациясына және Тәжікстанға ұқсас тауар позициясын **бірлік үшін 0,28 доллардан бастап 2,22 долларға дейін** экспорттады. Экспорттың жалпы сомасы **17,7 млн. долл.** құрады.

Осылайша, осы тауар позициясын сатып алуға **2,45 миллион доллар** жұмсаған импорттаушылар бар, сондай-ақ, осы тауарды импорттық бағадан **орташа есеппен 106%-ға** арзан экспорттаған экспорттаушылар (өндірушілер) бар (*импорттың орташа бағасы бірлік үшін 3,38 долл. және экспорттың орташа бағасы бірлік үшін 1,64 долл. (3-кесте).*

3-кесте –2023 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша «0207119009» тауар позициясы бойынша кедендік баға диапазоны.

Атауы	Бірлік	Импорттық баға дәлізі	Экспорттық баға дәлізі
СЭҚ ТН коды 0207119009	долл.	0,26 бастап 20,46 дейін	0,28 бастап 2,22
Транзакциялар саны	бірлік	71	28
Субъектілер саны	бірлік	12	2
Жалпы сомасы	млн.	17,7	2,45

Дереккөз: ҚР СЖЖРА ҰСБ және Қаржы министрлігі деректері бойынша есептелген

Бұл ақпарат ішкі нарықта қандай тауарлар тапшы және қандай тауарлар артық өндірілетінін анықтау тұрғысынан пайдаланушыларға пайдалы болуы мүмкін.

СЭҚТН нің 10-белгілеріндегі тауар кодтарының ерекшелігі **әрдайым өнімнің техникалық сипаттамасын, оның маркасын немесе физикалық параметрлерін дәлдікпен анықтауға мүмкіндік бермейтінін** атап өткен жөн.

СЭҚ ТН 10-белгілері деңгейінде бірдей тауар кодтары бойынша тұтас тауардың өзі, сондай-ақ оның қосалқы бөлшектері немесе компоненттері көрсетілуі мүмкін, бұл тауар позицияларын талдауды едәуір қиындатады.

Алайда, ішкі өндірушілермен (экспорттаушылармен) импорттаушылардың сату тізбегін талдай отырып, мысалы, «0207119009» тауар позициясы бойынша **импорттаушылардың сауда ағындарын қайта баптауға** болады және осылайша **2,45 млн. долларға** әлеуетті тауашаны қалыптастыруға болады.

Тартымды (тиімді) баға болған жағдайда импорттаушылар экспорттаушылармен және отандық кәсіпорындармен келісімшарттар жасасу арқылы өз қаражатын үнемдеу мүмкіндіктерін іздейтін болады.

5. Қорытынды

Интерактивті дашборд **сыртқы сауда қызметінің әрбір қатысушысына** ыңғайлы форматта пайдалы ақпарат алуға мүмкіндік береді:

Импорттаушылар әлеуетті экспорттаушыларды, өңірлердегі отандық өндірушілерді талдай алады, кедендік декларациялар негізінде ішкі өндіріс көлемін немесе экспорттық мәмілелердің құнын бағалай алады.

Экспорттаушылар өз өнімдерін жеткізудің жаңа арналарын таба алады, импорттаушылардың өнім көлеміне деген қажеттілігін талдай алады және экспорт көлемін кеңейте алады.

Сыртқы сауда қызметін жүзеге асырмайтын отандық өндірушілер жаңа орындар туралы өзіндік түсінік қалыптастыра алады, баға мен импорт өңірлері тұрғысынан тиімді тауарлық позицияларды таңдай алады, инвестицияларды көбейте алады және өндірістік желілерді кеңейте алады, өнімді сертификаттауды жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдар, даму институттары және шетелдік кәсіпорындар интерактивті дашбордтың ұсынылған статистикалық деректері негізінде қазақстандық нарыққа шығу бойынша түрлі ұсынымдар әзірлей алады, сондай-ақ өңірлерді дамыту стратегияларын, кәсіпорындардың инвестициялық жоспарларын/жобаларын әзірлеу кезінде құралды қолдана алады.

Интерактивті дашборд дамуына байланысты, Тауашалық нарықтарға шолу пайдаланушыларға бизнес үшін әлеуетті орындар мен даму бағыттары туралы өз түсініктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін **басқа да перспективалы дереккөздерді** қамтуы мүмкін.

**«Тауашалық нарықтарға шолу» дашбордының бөлімдері бойынша
көрсеткіштердің құрылымы**

р/ с	№	Бөлім	Өлшем бірлігі	Деректерді жаңарту кезеңділігі	Дереккөз дер
Тауашалық нарықтарға шолу интерактивті дашбордын қалыптастыру әдістемесі					
1	1	Деректер кезеңі (фильтр)	жылдың атауы		
2	2	"1-ТС" статистикалық нысаны	респонденттер саны	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
3	3	Тауарлар декларациясы (ТД)	респонденттер саны	айлық, жылдық	ҚР ҚМ
4	4	"1-П" статистикалық нысаны	респонденттер саны	жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
5	5	"1-СХ" статистикалық нысаны	респонденттер саны	жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
6	6	Ресурстар мен негізгі өнімдерді пайдалану теңгерімі (Ресурстар теңгерімі)	тауарлар саны	жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
Қазақстан Республикасының сыртқы саудасына шолу					
7	1	Өңір (фильтр)	өңірдің атауы		
8	2	Жыл (фильтр)	жылдың атауы		
9	3	Өңірлер бөлінісіндегі тауар айналымы	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
10	4	Экспорт	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
11	5	Импорт	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
12	6	Алдыңғы кезеңге экспорттың өсуі	%	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
13	7	Алдыңғы кезеңге импорттың өсуі	%	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
14	8	Сыртқы сауда динамикасы	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
15	9	Тауар айналымы бойынша ТОП-10 серіктес елдер	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ

16	10	Саудалық сальдо	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
17	11	Тауар айналымы	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
Қазақстан Республикасының экспорты					
18	1	Өңір (фильтр)	өңірдің атауы		
19	2	Жыл (фильтр)	жылдың атауы		
20	3	Атауы (фильтр)	тауар		
21	4	Тауардың СЭҚТН коды (фильтр)	код		
22	5	2, 4, 6, 10 белгілерінің СЭҚТН деңгейі (фильтр)	код		
23	6	СЭҚТН кодтарының анықтамалығы	анықтамалық		
24	7	Экспорт	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
25	8	Алдыңғы кезеңге экспорттың өсуі	%	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
26	9	Экспорт бойынша ТОП-10 тауар	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
27	10	Экспорт бойынша ТОП-10 серіктес елдер	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
Қазақстан Республикасының импорты					
28	1	Өңір (фильтр)	өңірдің атауы		
29	2	Жыл (фильтр)	жылдың атауы		
30	3	Атауы (фильтр)	тауар		
31	4	Тауардың СЭҚТН коды (фильтр)	коды		
32	5	2, 4, 6, 10 белгілерінің СЭҚТН деңгейі (фильтр)	коды		
33	6	СЭҚТН кодтарының анықтамалығы	анықтамалық		
34	7	Импорт	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
35	8	Алдыңғы кезеңге импорттың өсуі	%	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
36	9	Импорт бойынша ТОП-10 тауар	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ

37	10	Импорт бойынша ТОП-10 серіктес елдер	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ, ҚР ҚМ
Қазақстан Республикасының өнеркәсібі					
38	1	Өңір (фильтр)	өңірдің атауы		
39	2	Жыл (фильтр)	жылдың атауы		
40	3	Атауы (фильтр)	тауар		
41	4	Тауардың ӨӨСЖ коды 9 (фильтр)	коды		
42	5	ӨӨСЖ кодтарының анықтамалығы	анықтамалық		
43	6	Заттай көріністегі өндіріс көлемі бойынша тауарлар	мың тонна	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ
44	7	Өндіріс көлемі бойынша ТОП-5 өңір	мың тонна	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ
45	8	Заттай көріністегі өңірлер бөлінісінде өнеркәсіп өндірісінің динамикасы	мың тонна	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ
46	9	Заттай көріністегі іріктелген тауарларды өндіру көлемі кезеңдер бөлінісінде	мың тонна	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ
47	10	Сыртқы сауда мәртебесі бойынша өндірушілер (импорттаушы, экспорттаушы, импорттаушы және экспорттаушы болып табылады, экспорттаушы емес, импорттаушы емес)	өндірушілердің атауы	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ
48	11	Сыртқы сауда мәртебесі бойынша позициялар (импорттаушы, экспорттаушы, импорттаушы және экспорттаушы болып табылады, экспорттаушы емес, импорттаушы емес)	шығарылатын позицияның атауы	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ
Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы					
49	1	Өңір (фильтр)	өңірдің атауы		
50	2	Жыл (фильтр)	жылдың атауы		
51	3	Атауы (фильтр)	тауар		

52	4	Тауардың ӨӨСЖ СХ 6 коды (фильтр)	коды		
53	5	ӨӨСЖ СК кодтарының анықтамалығы	анықтамалық		
54	6	Өңірлер бөлінісінде, заттай мәнде ауыл шаруашылығы өндірісі	мың тонна	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ
55	7	Өндіріс көлемі бойынша ТОП-5 өңір	мың тонна	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ
56	8	Өңірлер бөлінісінде, заттай түрде ауыл шаруашылығы өндірісінің динамикасы	мың тонна	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ
57	9	Заттай көріністегі іріктелген тауарларды өндіру көлемі кезеңдер бөлінісінде	мың тонна	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ
58	10	Сыртқы сауда мәртебесі бойынша өндірушілер (импорттаушы, экспорттаушы, импорттаушы және экспорттаушы болып табылады, экспорттаушы емес, импорттаушы емес)	өндірушілердің атауы	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ
59	11	Сыртқы сауда мәртебесі бойынша позициялар (импорттаушы, экспорттаушы, импорттаушы және экспорттаушы болып табылады, экспорттаушы емес, импорттаушы емес)	шығарылатын позицияның атауы	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ
Ресурстар балансы					
60	1	Жыл (фильтр)	жыл		
61	2	Сала (фильтр)	саланың атауы		
62	3	Өнімдер (фильтр)	өнімнің атауы		
63	4	Тауарлармен қамтамасыз етілу	%	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ
64	5	Импорттың шекті деңгейі бар тауарлар	%	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ
65	6	Ресурстар балансы (ресурстар және	дана, тонна, мың тонна, т.б.	жылдық	ҚР СЖжРА ҰСБ

		пайдалану)			
66	7	Ішкі нарықта өндіру және сату	дана, тонна, мың тонна, т.б.	жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ
67	8	Экспорт және импорт	дана, тонна, мың тонна, т.б.	жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
Әлеуетті тауашалық нарықтар					
68	1	Жыл (фильтр)	жыл		
69	2	Өңір (фильтр)	саланың атауы		
70	3	СЭҚТН (фильтр)	өнімнің атауы		
71	4	Тауардың атауы	тауар	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
72	5	Импорттаушылардың саны	бірлік	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
73	6	Экспорттаушылар саны	бірлік	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
74	7	Тауарлардың әлеуетті саны	бірлік	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
75	8	сомаға	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
Импорт бойынша тауарлар қоржыны					
76	9	Тауардың атауы	тауар	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
77	10	Тауар бірлігінің бағасы	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
78	11	Жалпы көлем	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
79	12	Ел	ел	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
Экспорт бойынша тауарлар себеті					
80	13	Тауардың атауы	тауар	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
81	14	Тауар бірлігінің бағасы	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
82	15	Жалпы көлем	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
83	16	Ел	ел	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ

Тауашалық тауарлар себеті					
84	17	Тауардың атауы	тауар	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
85	18	Тауар бірлігінің бағасы (экспорт бағасы)	АҚШ долл.	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
86	19	Өңір	өңір	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ
87	20	Ел	ел	айлық, жылдық	ҚР СЖЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ